

«Қарағанды қаласының білім бөлімі»ММ

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің әдіскері **Қадыр Айгүл Еркінқызы,**

Қарағанды қаласы,№33 мектеп-балабақша кешенінің

қазақ тіл мен әдебиеті пәні мұғалімі **Буркутбаева Кумусай Макановна**

«Ұстаз мәртебесі – ұлт мерейі»

Ұстаз – оқушы алдында мәртебесі қашан да биік жан. Тәрбиенің қайнар көзі,әрине білімде. Білімді өскелең ұрпаққа тәрбие беруде ұстаз рөлі ерекше. Жас ұрпаққа жаңаша білім беру жолында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Жеке тұлға, яғни дарынды шығармашыл тұлға қалыптастыру білім мен тәрбие берудегі мемлекеттік істің ең маңыздысы. Мақсатты білім беру – тұлға дамуын жүзеге асыратын мәселе. Адамзат баласының өз ұрпағын, оқыту мен тәрбиелеудегі ең тиімді ізденістерін, тәжірибиелерін жалғастырып, тың жолдар іздеу, педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамыту жалғаса бермек.

Мұғалім – барлық білім беру жүйесінің дiңгегi, түп тамыры, жаны мен жүрегі. Өмірдегі көп мамандықтардың ішінде жан-жақты білімділікті, шеберлікті, икемділікті, мейірімділікті, ерекше шәкіртжандылықты қажет ететін де ұстаздық. Олай дейтiнiм, бүгiнгi ұстаз шәкiртiне ғылым негiздерiнен мәлiмет берiп қана қоймай, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, экономика кеңістігіне шығуға, яғни қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбиелейді. Ұстаз - үнемі шәкірттерімен қарым-қатынаста болып, «білсем, үйренсем» деген бала арманы мен оның сырлы тағдырына басшылық етуді мойнына алған мәртебелі маман. Оқыта отырып тәрбиелеп, тәрбиелей отырып адамгершілігі мол, рухани бай адамды қалыптастырады. Мұғалімнің негізгі басты мақсаты да осы. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол - өз кәсібін, өз пәнін, барлық

шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өз ісіне деген қызығушылық пен сүйіспеншілік қана оны небір қиын әрекеттерге жетелейді, іске батыл кірісуге септігін тигізеді. Нәтижесінде талай жеткіншектің жүрегінде мәңгі ұстаз болып қалады. Ұстаздың осыншама қадір-қасиет, құрметке бөленуі - өзін қоршаған орта мен әрбір шәкіртіне асқан сезімталдықпен, жауапкершілікпен қарым-қатынас жасауында. Өйткені оның білімі, мәдениетті сөзі, қарапайым да сыпайы киім киісі, әдепті жүріс-тұрысы, жинақы іс-әрекеті шәкіртке де, ата-анаға да, жұртшылыққа да өнеге. Ұлы ағылшын ағартушысы Уильям Уорд: «Жай мұғалім хабарлайды, жақсы мұғалім түсіндіреді, керемет мұғалім көрсетеді, ұлы мұғалім шабыттандырады», - деген болатын. Бұл - әркімнің қолынан келе бермейтін, ерекше талантты қажет ететін, бай қиялды адамға тән қасиет. Сондықтан ұстаз күнбе-күнгі өзінің көп қырлы еңбегінде мазмұны әр түрлі кездейсоқ жайттардың туындап отыратынын алдын ала сезіп, болжап және оның оң шешімін табуға дайын болуға тиіс. Өз кәсібінің майталманы ғана осы мақсатқа рухани күш-жігерін, парасат-қуатын салу арқылы жететіні түсінікті. Сондықтан да ұстазды әр баланың жан-дүниесін танып-білуші әрі оны жеке тұлға етіп қалыптастырушы, ел болашағының мүсіншісі деуге болады.

Бүгінде әлем Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басып келеді. Жаңа технологиялық дәуір біздің қалай жұмыс істейтінімізді, азаматтық құқықтарымызды қалай іске асыратынымызды түбегейлі өзгертуде. Бұл кезеңде мемлекет дамуында ғылым мен білімнің алатын орны тіпті ерекше болмақ. Егемен елімізді өркениетке жетелейтін білімнің бастауында мектеп пен жас ұрпақ бойына білім нәрін беретін ұстаз тұрады. «Алты алаштың баласы бас қосқанда, қадірлі орын мұғалімдікі» – деген М. Жұмабаев ұстаз мәртебесін сол заманнан-ақ асқақтатып кеткен еді. Өйткені, ұстаз мәртебесі – қоғам мәртебесі!

Әлемдік деңгейде – педагог, өз ұстанымызда ұстаз ұғымының сипаты, мән-мағынасы қашан да айқын: ол – мазмұны бірыңғай ізгіліктен ғана

тұратын кәсіп, ол – ұрпақ пен ұлтқа, адамзат пен болашаққа арналған өмір сүру салты, тіпті дүниенің асылын іздеп тауып, соны өзгеге үйретпекке ұмтылған жан қалауы.

Елбасының бастамасымен қоғамның жіті талқылауынан өткен «Педагог мәртебесі туралы» заң Парламент қарауына түсіп, 2019 жылдың 31 желтоқсанында Мемлекет басшысы "Педагог мәртебесі туралы" заң жобасына қол қойды. Бұл заңның әр бөлімінен ұстаздарға деген қамқорлықты байқауға болады. Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов 2020 жылы "Педагог мәртебесі туралы" заңды іске асыру кезеңіне көшу басталатынын мәлімдеді. Жалпы заң 21 баптан тұрады және жарты миллионнан аса ұстаздың жұмысына қатысты. Мен үшін бүгінгі қабылданған заң менің шабытыма шабыт берері хақ. Ұстаздарға жасалған мәртебе мен жүктелген міндет ауыр. Осы міндетті ұғына отырып, жас ұрпаққа тәрбие беру, білім нәрімен сусындату – барлық ұстаздар қауымының парызы деп білеміз! «Ұстаз мәртебесі туралы» заң бұл – қазақстандық ұстаздар қауымының қоғамдағы беделін арттырып, орнын айшықтауға зор қадам болмақ. Сондықтан да «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» демекші шәкірттерін білім нәрімен сусындатып жүрген мұғалімдерге деген құрмет ерекше болуы керек. Сондықтан аталмыш заң ұстаздардың мәртебесін көтеріп, қоғамда беделін арттырады деп сенеміз!